



Ауданның коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 28 қарашадағы № 431 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 қаңтарда № 4399 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 256 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 30.06.2014 № 256 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 31, 211-баптарына, 18-бабының 22) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі № 49-ө өкіміне сәйкес, Қарабалық ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Қарабалық ауданының коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидасы **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Т. Сұлтановқа **ж ү к т е л с і н .**

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Исмағұлов

А у д а н ә к і м д і г і н і н

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 8 қ а р а ш а д а ғ ы № 4 3 1

қаулысымен бекітілген

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы қағида Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық Кодексіне, 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына сәйкес жасалды және коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Аудандық коммуналдық меншікке қараусыз қалған жануарлардың түсуі

2. Қараусыз қалған жануарлардың аудандық коммуналдық меншікке тусуі тапсыру-қабылдау актісі негізінде және Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу қағидасын бекіту туралы" (бұдан әрі - бұйрық) бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Тапсыру-қабылдау актісі қараусыз қалған жануарларды тапсырған тұлғаның, тиісті поселке, ауылдық округі, ауыл әкімі аппаратының (бұдан әрі – әкім), "Қарабалық ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ветеринария бөлімі) және "Қарабалық ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – қаржы бөлімі) жауапты қызметкерлерінің қатысуымен жасалады. Тапсыру-қабылдау актісін қаржы бөлімінің басшысы немесе оны алмастыратын өкілетті тұлға бекітеді.

Тапсыру-қабылдау актісінде міндетті түрде аудандық коммуналдық меншікке түсетін қараусыз қалған жануарлардың жасы, тұқымы, түр-түсі, жынысы, күйі және саулығы көрсетілуі тиіс.

3. Қараусыз қалған жануарларды уақытша күтімге алу

3. Аудандық коммуналдық меншікке түскен қараусыз қалған жануарларды, уақытша күтімге алу үшін, жеке адамдарға, шаруа немесе фермер қожалықтарына немесе мемлекеттік заңды тұлғалардың қосалқы шаруашылықтарына 6 (алты) айға дейін мерзімге, келісім-шарт негізінде бекітіліп беріледі.

4. Әкім, қараусыз қалған жануарларды уақытша күтімге алатын тұлғаларды анықтау кезіне, олардың жануарларды күтімге алу жағдайына, алдын – ала зерттеу жүргізеді.

Қараусыз қалған жануарларды уақытша күтімге алушы тұлғаны анықтау кезінде, міндетті түрде күтімге алатын тұлғаның жануарды бағып - қутетін орын жайының (қорасы, ауласы), құрал - сайманы және бұйымы, тәжірибесінің болуы тиіс.

Зерттеу қорытындылары қаржы бөліміне жіберіледі.

5. Қараусыз қалған жануарларды уақытша күтімге алатын тұлғаны қаржы бөлімі белгілейді.

Әкім жағдайды зерттеген кезде, 5 тармақта көрсетілгенге сәйкес екіден аса жеке немесе заңды тұлғаларға, қараусыз қалған жануарлардың тынығуына, ауысуына, ұйқысына үлкен алаңы бар (қажетті кендік) жағдайда сол жаққа ілтипат білдіреді.

6. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Азаматтық кодексіне (ерекше бөлігі) сәйкес, қараусыз қалған жануарларды уақытша күтімге алатын жақпен қаржы бөлімі Шарт жасайды.

7. Қараусыз қалған жануарларды күтімге алу шығыны күтуші тұлғаға қаржы бөлімімен жергілікті бюджет есебінен төленеді. Өтем шығынына, сол жердегі елді мекеннің нарықтық бағасымен белгіленген, зоотехникалық норма негізінде шөптің құны және күтушінің еңбек ақысы кіреді. Күтушінің еңбек ақы мөлшері Қазақстан Республикасы Заңымен ең төменгі жалақы көлемімен белгіленеді.

8. Қараусыз қалған жануарларды күтімге алған тұлға, олардың өлім – жетімі мен жарамсыздыға кінәлі болған жағдайда, сол қараусыз қалған жануардың құны мөлшерінде, сот тәртібінде материалдық жауапты болады.

9. Аудандық коммуналдық меншікке түскен қараусыз қалған жануарларды, ветеринариялық қадағалау және жұқпалы ауруларға қарсы егу іс – шаралары ветеринария бөлімінің қадағалауымен жүзеге асырылады. Ветеринариялық қадағалау және егу шығындары, жергілікті бюджет есебінен қыржыландырылады.

10. Қараусыз қалған жануарлар келіп түсу және пайдалануда болған, онда қараусыз қалған жануарларды жекеменшікке сатып алған тұлға бас тартқан кезде, олар аудандық коммуналдық жекеменшікке түседі және осы Қағидаға сәйкес пайдаланады.

4. Қараусыз қалған жануарларды бағалау, есепке алу және бекітіп беру

11. Аудандық коммуналдық меншікке түскен қараусыз қалған жануарларды одан әрі пайдалану үшін, оларды аудандық коммуналдық мүлктен тізбесіне енгізу және бағалау (қайта бағалау) жүргізіледі. Тізбеге енгізу және бағалау (қайта бағалау) жөніндегі жұмыстарды Қазақстан Республикасы заңнамасына белгіленген тәртіппен қаржы бөлімі жүзеге асырады.

12. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін, қараусыз қалған жануарларды аудандық әкімдіктің қаулысымен, тиісті аппаратының теңгеріміне бекітіліп беріледі. Теңгерімге алу қабылдау – беру актісі негізінде, бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Қараусыз қалған жануарларды одан әрі пайдалану

13. Аудандық коммуналдық меншікке түскен қараусыз қалған жануарларды мынадай тәсілдердің біреуімен пайдаланады:

1) қосалқы шаруашылығы бар мемлекеттік заңды тұлғалардың теңгеріміне өтеусіз беру ;

2) аукцион арқылы сату ;

3) сауда ұйымдары арқылы сату ;

4) жануарларды (ауыл шаруашылығы жануарлары мен ұй құстарынан басқа) қорғайтын арнайы орындарға немесе жеке адамдарға өтеусіз беру.

14. Аудандық коммуналдық меншікке түскен қараусыз қалған жануарларды одан әрі пайдалану тәсілін, әрбір нақты жағдайда аудандық әкімдіктің қаулысымен құрылған комиссия (будан әрі - комиссия) қараусыз қалған жануарларды уақытша күтімге берілген мерзім ішінде шешеді. Комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді.

6. Қараусыз қалған жануарларды бұрынғы меншік иесіне қайтару

15. Қараусыз қалған жануарларды аудандық коммуналдық меншікке өткеннен кейін, олардың бұрынғы меншік иесіне келген жағдайда, осы қараусыз жануарлардың бұрынғы меншік иесіне үйірсектігі сақталғаның немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін мән - жайлар анықталған жағдайда комиссияның келісімімен, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда сот шешімімен қайтарылуға жатады.

16. Қараусыз қалған жануарларды бұрынғы меншік иесіне қайтару, оларды бағуға байланысты шығынды, жергілікті бюджет кірісіне, қараусыз қалған жануарларды пайдаланудан алынған табысты шегере отырып, өтелгеннен кейін жүзеге асырылады .

17. Қараусыз қалған жануарларды бұрынғы меншік иесіне оларды қайтару жөнінде өтініш түскенге дейін сатылып кеткен немесе басқа меншік иесіне өтеусіз беріліп кеткен жағдайда қараусыз жануарларды сатудан түскен тусім немесе оның құны жергілікті бюджет есебінен өтеледі. Бұл жағдайда қараусыз қалған жануарларды бағуға байланысты жұмсалған қаржының мөлшері шегеріледі .

18. Қараусыз қалған жануарларды қайтару, немесе оның құнын өтеу, бұрынғы меншік иесі мен қаржы болімі арасында жасалатын келісім-шартпен рәсімделеді.

7. Қорытынды қағида

19. Қараусыз қалған жануарларды сатудан түскен қаражат заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті бюджет кірісіне толық есептеледі.

20. Қараусыз қалған жануарларды есепке алумен, бағалаумен, сатумен және өтеусіз берумен байланысты шығындар жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК